

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 24 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. НАЗАРБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті сенаторлар, шақырылған лауазым иелері! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Күн тәртібіндегі үшінші мәселені бірінші қарасақ, келісесіздер ме?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Онда осы ұсынысты ескере отырып, күн тәртібі бойынша дауыс берейік. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «дауыс бермегендер» – 1 депутат, «жақтағандар» – 43 депутат. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Бұл мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасы Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа беріледі.

ДОСАЕВ Е.А. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Халықаралық практикаға сәйкес қаржы жүйесін реттеудің басым үлгісі орталық банк жүйесінен тыс үлгі болып табылады.

Өткен жылы сіздердің қолдауларыңызбен заңнамалық түзетулердің үлкен блогы қабылданды. Ол тәуекелге бағдарланған қадағалауға өтуге байланысты және оның шегінде реттеушінің қадағалау мандаты едәуір кеңейтілді. Реттеушінің жаңа өкілеттіктері жүйелі тәуекелдердің қайта жинақталуына жол бермеуге және қадағалау шараларын туындайтын тәуекелдерге тепе-тең қолданып, алдын ала әрекет етуге мүмкіндік береді.

Ұлттық Банк төмен инфляцияға, елдің орнықты дамуына және халықтың өмір сүру деңгейінің өсуіне қолдау көрсетуге назар аударатын отырып, өзінің негізгі мақсаты – баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге көңіл бөлетін болады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау функцияларын Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін жеке мемлекеттік органға беру ұсынылып отыр.

Аталған бастаманы іске асыру мақсатында Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірледі.

Заң жобасында екі ауқымды бағыт қамтылған.

Бірінші бағыт – қаржы секторын реттеу мен дамытудың тәуелсіз органын құру.

Елдің экономикалық өсуіне жәрдемдесу үшін Ұлттық Банк орталық банктің классикалық функцияларына шоғырлануға ниетті – бұл баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, ақша-кредит саясаты, валюталық реттеу және төлем жүйелерін дамыту.

Қаржы нарығын реттеу мен дамыту, тұтынушылардың құқықтарын қорғау функцияларын Қаржы нарықтарын реттеу мен дамыту агенттігіне беру ұсынылады.

Экономиканы сапалы дамыту үшін Ұлттық Банк мемлекеттік қаржылық қолдау бағдарламаларын, оның ішінде экономиканың басым салаларын кредиттеу бағдарламасын, «7 – 20 – 25» ипотекалық бағдарламасын және басқа да бағдарламаларды екінші деңгейдегі банктер арқылы іске асыруды жалғастырады.

Агенттік өз тарапынан қаржы нарығындағы қаржы ресурстарын бөлу тиімділігін арттыруға, жаңа қаржы өнімдері мен қызметтерін енгізуге, олардың халық пен бизнес үшін қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Ұлттық Банк пен жаңа агенттіктің қызметі тығыз, оның ішінде басқару органдарында өзара өкілдік ету және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің қызметі шеңберінде өзара іс-қимыл арқылы үйлестіріледі.

Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесте макропруденциялық саясат шараларын іске асырумен, қаржы дағдарысының туындауын алдын алумен, төлем жасауға қабілетсіз банктерді реттеумен және жүйелік маңызды банктерді қалыпқа келтіру шараларын қаржыландырумен байланысты мәселелер міндетті түрде қаралуға тиіс.

Ұлттық Банк пен жаңа агенттікті бөлудің негізгі қағидаты Ұлттық Банк жұмысының қазіргі мәртебесін және заңнамалық негізін барынша сақтау және оларды жаңа агенттікке қатысты қолдану болып табылады.

Ұлттық Банк сияқты жаңа агенттік те Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін болады, республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады.

Жаңа агенттікке болжамды жыл сайынғы шығыстар лимиті 10 миллиард теңгеге жуық болады, оның ішінде ағымдағы шығыстар (еңбекақы төлеу және әкімшілік шығыстар) 9 миллиард теңге және күрделі шығыстар 1 миллиард теңге мөлшерінде.

Қаржы нарығын қадағалау жөніндегі ақша-кредит саясатын іске асырудың тиімділігі Ұлттық Банк пен агенттік арасында негізгі ақпарат алмасу арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Ұлттық Банк пен агенттік үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, бірыңғай статистикалық және реттеушілік ақпарат базасы құрылатын болады. Бұл қайталауды болдырмауға мүмкіндік беріп, қаржы секторына қосымша жүктеме түсірмейді.

Қызметшілер мәртебесін Ұлттық Банк қызметшілерінің мәртебесіндей етіп бекіту ұсынылады. Бұл жоғары білікті қызметкерлерді жедел қабылдауды және еңбекақы төлеудің бәсекелес деңгейін белгілеуді қамтамасыз етеді.

Агенттік Ұлттық Банкті қайта ұйымдастыру арқылы құрылады. Оның барысында функциялар, өкілеттіктер және штат бірліктері қайта бөлінеді.

Ұлттық Банктен агенттікке ауысуға болжанып отырған қызметкерлердің жалпы саны шамамен 500 адам болады.

Заң жобасындағы екінші бағыт – тұтынушылық кредиттеу нарығында реттеуші төрелікті және жүйелік проблемаларды жою.

Халықтың борыштық жүктемесінің бақыланбай өсуіне жол бермеу мақсатында барлық кредиттеу субъектілеріне қатысты тиісті реттеу және қадағалау құралдарын енгізу талап етіледі.

Қазіргі уақытта реттелмейтін субъектілер саны шамамен 2 мыңға жетті, бұл сегмент үлесінің салыстырмалы түрде мардымсыз екендігіне қарамастан, кредиттерді алу жылдамдығы, реттеудің жоқтығы және сыйақы мөлшерлемесінің шектен тыс 700 пайызға жоғары болуы азаматтардың борыштық ауыртпалығының бақылаусыз өсуі үшін жағдай жасауда.

Тұтынушылық кредиттердің неғұрлым белсенді өсуі реттелмейтін секторда байқалады. Бұл онлайн-кредиторлар, кредиттік серіктестіктер және ломбардтар. Сонымен қатар реттелмейтін субъектілер тарапынан қарыз алушылардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылғаны байқалады.

Аталған проблемаларды шешу үшін қадағалау органының реттеу ауқымына кредиттеудің барлық субъектілерін енгізу және оны кеңейту ұсынылады.

Заң жобасында банктік емес кредиттік ұйымдарды реттеудің сараланған жүйесін енгізу көзделеді, әрбір субъектінің қолданыстағы бизнес-үлгісін өзгерту көзделмейді. Қызметтің нақты түріне тән тәуекелдерге қарай талаптар енгізіледі. Микроқаржылық қызмет субъектілерін реттеу қарыз алушылардың құқықтарын қорғауға және олардың шамадан тыс кредиттелуін болдырмауға негізделеді. Атап айтқанда, микрокредиттер беру қағидаларының болуына, кез келген комиссияны алуға тыйым салуға, шекті сыйақы мөлшерлемесін сақтауға, кредиттік бюроға ақпарат беру қажеттілігіне талаптар белгіленеді. Бұл қарыз алушылардың борыштық жүктемесін барабар бағалауға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған шаралар кредиттеу нарығының айқындылығын арттыруға, түрлі сегменттерді реттеуде теңгерімсіздікті жоюға және ең бастысы, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасын қабылдаудың маңыздылығын және күтілетін нәтижесінің өзектілігін назарға алып, Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп заң жобасының нормаларын іске асыруға жедел түрде кірісуге дайын.

Құрметті сенаторлар, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ерболат Асқарбекұлына сұрақтарыңыз бар ма, құрметті депутаттар? Сенатор Ершов.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемая Дарига Нурсултановна.

Уважаемый Ерболат Аскарбекович, я поддерживаю данный закон. Тем более что такими проблемами наш комитет занимался и год назад, и сейчас. Очень подробно мы рассматривали этот закон и на заседаниях рабочей группы, и на заседании комитета. Получили очень много ответов, но один ответ хотелось бы получить лично от Вас.

В статье 3-1 о микрофинансовых организациях говорится, что микрофинансовые организации вправе предоставлять микрокредиты электронным способом в порядке, определяемом уполномоченным органом» Речь идет об онлайн-кредитах. Часто этим пользуются мошенники, которые по чужим документам получают кредиты, а потом люди от этого страдают. Таких примеров масса. Наверное, Вы об этом знаете. Мы много такими делами занимались.

Будьте добры, скажите, какой механизм защиты людей разработан? Почему он не прописан в законе? И что Вы посоветовали бы людям, которые попали в такую ситуацию? Спасибо.

ДОСАЕВ Е.А. Спасибо за вопросы. Наверное, это одни из самых больших и актуальных вопросов, которые мы имеем на сегодняшний день в финансовом рынке.

Онлайн-кредитование. К сожалению, онлайн-кредитование и оказание такого рода услуг производятся не только на территории Республики Казахстан, но и компаниями, находящимися за пределами Республики Казахстан. То есть они находятся в абсолютно нерегулируемой сфере.

В чем наше предложение? Как я сказал, кроме ограничительных норм, условий договора и так далее, также будет введен важный момент – предоставление необходимой информации в кредитное бюро.

Как вы знаете, у нас в стране есть Государственное кредитное бюро как эталонное и Первое кредитное бюро, которое создано банками и микрофинансовыми организациями. Для того чтобы получить заем, теперь они обязаны предоставить необходимую отчетность, в которой мы увидим, кому это предоставлено. А кредитное бюро, когда обрабатывает общую долговую нагрузку для компаний или для физических лиц, сразу видит, где правда или неправда.

Конечно же, исключить то, что по удостоверениям личности или по ИИН в онлайн-режиме будут брать кредиты, нельзя. Это мошенничество. По нему есть специальные нормы. Соответственно, мы усилили административную ответственность, вплоть до уголовной до двух лет. Как только мы сформируем базу, внутри нее будет сформирован так называемый черный лист заемщиков, которые пользуются такого рода услугами, либо компаний, которые оказывают неправильные услуги в области микрокредитования.

Поэтому в статье 3-1 специально прописали для того, чтобы нормативные правовые акты были приняты Национальным Банком, регулятором, чтобы в деталях уточнить. Статус будет нормативного правового акта и будет зарегистрирован в Министерстве юстиции. Спасибо.

ТӨРАҒА. Дополнительно к этому вопросу. Если кредитное бюро выяснит, что потенциальный заемщик до этого уже имел проблемы, это как-то повлияет на решение микрофинансовой организации о предоставлении займа?

ДОСАЕВ Е.А. Сегодня уже влияет. Те, кто уже является участником, видят вопросы, связанные с просрочкой. Это, к примеру, задолженности по основному долгу и вознаграждению, а также по штрафам и пени. И у микрофинансовой организации есть возможность либо отказать, либо поддержать в зависимости от суммы задолженности.

К сожалению, в кредитное бюро сегодня попадают разные суммы, есть большие задолженности, а есть суммы, допустим, 1 тысяча тенге просрочки.

ТӨРАҒА. Это тоже отрегулировано?

ДОСАЕВ Е.А. Да. В нормативных правовых актах в связи с тем, что микрокредиты имеют другие суммы, эти пороги для них специально будут снижены. Для тех, кто войдет в круг регулирования Национального Банка и в будущем агентства.

ТӨРАҒА. Сенатор Бақтиярұлы.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Ерболат Асқарбекұлы, менің қысқаша үш сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Екінші деңгейлі банктер қоржынындағы жеке тұлғалардың қарыз көлемі қазір 6 триллионға жуықтады. Несие алушылардың 2 миллиондайы қарыздарын қайтара алмай, проблемалық несие қорын көбейтіп отыр, нәтижесінде қайтарылмаған несие 3 триллион теңгеге жетті.

2012 жылы Ұлттық Банк «Проблемалық несиелер қоры» деп аталатын ашық қоғам құрды. Оның мақсаты кепілде тұрған мүліктерді сатып алып, бағалы қағаздар шығарып, оны банктерге орналастыру еді. Бірақ осы қор ашылғалы бері 7 жыл өтті, бағалы қағаздарды сатып алу туралы мәселе де, ұсыныс та жасалған жоқ.

Екінші сұрақ. Жаңа баяндама жаңадан құрылып жатқан агенттіктің штаты 500 адамды құрайды және осы жаңа құрылымды ұстап тұруға кететін жылдық шығын 10 миллиард теңге көлемінде деп өзіңіз атап өттіңіз. Бұл ақша 50 мың халқы бар бір ауданның бір жылдық бюджетіне барабар. Бұл тым көп емес пе? Осыны ашып берсеңіз, қайда жұмсалады?

Үшінші сұрақ. Халықаралық талаптар мен тәжірибеге қарасақ банк капиталының 10 пайызы акционерлердікі болады да, 90 пайызы депозит салымдарынан құралады, ал біздегі жағдай керісінше. Осыған бас банкир ретіндегі сіздің көзқарасыңыз. Рақмет.

ДОСАЕВ Е.А. Сұрақтарыңызға рақмет. Бірінші сұрақтан бастайын.

Статистика бойынша 6 триллион емес, 4 триллион 100 миллиард теңге. Оның ішінде біздің ипотекамыз бар, азаматтарымыз алған залогсыз кредиттер бар және автокредитование бар (машина алуға алынған кредиттер). Соңғы 2017 – 2018 жылдың ішінде банктер берген осындай несиелердің сомасы 47 пайызға көтерілді. Сұрақ бар, бірақ

кредиттерді төлемеген адамдардың бүгінгі саны 2 миллион емес, 670 мың адам. Кредиттік бюрода солай тұр.

Халықтың алған орта заем бағасы 1 миллион теңге, ол бүгін 299 мың теңгеге жетіп отыр.

Қазір Ұлттық Банк пен Үкімет бірлесіп жұмыс істеп жатыр, осы алдымыздағы екі жетінің ішінде сол жұмыстарды бірге бітіреміз деп ойлап отырмыз. Бір жағынан штраф пен пеняны бөлеміз, қалған қарыздарға біз жақтан қандай көмек, қандай мүмкіншілік болады деп қарастырып жатырмыз.

2017 жылдан бастап осындай арнайы құрылған қор Ұлттық Банктен Үкіметке көшті. Қазір Қаржы министрлігі сол қормен жұмыс істеп жатыр. Банктерге қолжетімді көмек беріп, санациядан өткен банктерді сол қордан өткізді. Көмек беріп, азаматтарға жеңілдік дайындағандардың ішінде сол қордың жұмыс істейтініне біздің сеніміміз бар.

Агенттікке 500 адамды бөліп, реорганизациядан өткізейін деп отырмыз. Бүгінгі 1 мың 200 адамның ішінен 500 адам жаңа агенттікке көшеді, ал бюджет комиссиясының бізге берген лимиті 10 миллиард теңге. Оның ішінде еңбекақыға 9 миллиардқа дейін бөлінген.

Бүгін қаржы саласындағы орташа айлықтық төлемдерге қарасаңыздар біз, Ұлттық Банк екі есе төмен төлеп отырмыз, біздің жалақымыз 270 мың теңге, ал нарыққа қарағанда олардың жалақысы 530-540 мың теңгеге жетіп отыр. Біздің банктегі активтер 25 триллион, сақтандыру компанияларымыздың активтері 1 триллион теңге (соған қарайтын адамдардың), Ұлттық Банктегі жалақы сондай болу керек деп мен сенім білдіремін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депозиттер туралы, про распределение дивидендов.

ДОСАЕВ Е.А. Негізгі капиталға инвестициялардың статистикасын 5 айдың ішінде қарағанда біздің пропорциямыз былай: 70 пайыз компаниялар өздері әкеліп жатыр, 30 пайыз кредиттерден. Бірақ пропорция басқа болу керек: 30 пайыз капиталдан келу керек, 70 пайыз кредиттен келу керек.

Ұлттық Банктің алдына қойған ең үлкен мақсаты – осы жылдың соңына шейін банктермен қалған жұмыстарды бітіріп, 2023 жылдан бастап кредиттеу жағынан портфелімізді өсіру. Осы жөнінен алдымызға қойған мақсатымыз бар. 1 шілдеден жұмысымызды бастайын деп отырмыз, қарашаның соңына дейін бітірсек, келесі жылдан бастап біздің алдымызға Үкімет қойған жоспарлар бар.

Білесіздер, осы жылы наурыз айында Ұлттық Банк пен Премьер-Министр бірінші рет осындай келісімге қол қойдық. Бүгін жұмыстарымызды істеп жатырмыз.

Тенденциямыз жаман емес, өткен жылдың соңында біздің несие портфеліміз 13 триллион 108 миллиард теңге болған, қазір кішкене түсіп, 12 триллион 750 миллиардқа жетті. Өздеріңіз білесіздер, жылдың басында 603 миллиард теңгелік агропортфельді біз «Цеснабанктен» сатып алғанбыз. Кейін төмен түсті, бірақ жылдың соңына дейін әлі өседі деген ойымыз бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сенатор Құртаев Әлімжан Сейітжанұлы.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Ерболат Асқарбекұлы, қаралып отырған заң жобасының бағыттарының бірі тұтынушы несиелерінің нарығындағы жүйелі, күрделі мәселелерді, оның ішінде онлайн-несиелендіру саласын жою болып табылады.

Бүгінгі күні аталған салада клиентті сәйкестендіру жеңіл-желпі орындалады, яғни несиені кез-келген азамат қандай жағдайда болса да ала алады.

Осы жерде мендегі сұрақ: клиенттерге несие беру кезінде қашықтықта сәйкестендіру саласының жүйесін жақсарту үшін қандай шаралар қолданылып отыр? Бұл бірінші сұрақ.

Екінші сұрақ. Көптеген жылдар бойы банктер тұтынушы несиелерінің аясында азаматтарға несие берумен және оған қызмет етумен байланысты банктік шотты жүргізу үшін қосымша комиссиялар алып отырған. Бұл жағдай тауарларды және қызметтерді алуға, кәсіпкерлік қызметті жүргізумен байланысты емес, банктік несиенің келісім-шарты бойынша тыйым салатын түзетулерді Парламент қабылдағанға дейін жалғасып келді. Қазіргі таңда бұл қарыз алушыларға 30 миллиард теңге үнемдеуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар екінші деңгейлі банктерде тұтынушыларды несиелендіру аясында басқа қызметтер түрлері үшін комиссияларды алу құқығы сақталып отыр. Осылайша, бұл комиссиялардың сомалары негізгі несие сомасынан 10 пайызға жоғары болады.

Осы орайда сұрақ: тұтынушыларды несиелендіру аясында қарыз алушылардың ережелерін жақсарту тәжірибесі жалғасады ма?

ДОСАЕВ Е.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау – біздің бірінші борышымыз. Осы наурыз айынан бастап ешқандай қосымша комиссиялар алынбайтын болды. Өздеріңіз білесіздер, заң бойынша норма енгізілді. Біз Жоғарғы Сотпен жұмысымызды бірге өткізгенбіз. Қазір облыстық соттардан, басқа жерлерден осындай түсініктемелер келіп жатыр. Осы 2019 жылғы наурыздан бастап банктердің, микроқаржылық мекемелердің ешқандай қосымша комиссия алатын мүмкіншіліктері жоқ.

Ал жаңа нормалар туралы айтатын болсақ, бүгін микрокредит бермес бұрын шарт жасасу тәртібі бар. Сондай-ақ ең маңыздысы – қанша пайызға шейін жеткізуге болады. Оның ішінде бәрінің лимиттері бар бүгін. Сол нормалардың барлығы енгізілетін болады. Мына заң жобасын қолдасаңыздар, онда жаңағы сіз айтып кеткен онлайн-кредиттік микроқаржылық мекемелердің барлығы екінші деңгейлі банктер сияқты осыған кірейін деп отыр.

Жаңа айтып кеткенімдей, шартқа қол қойғаннан бастап барлық нормалар Ұлттық Банкпен бекітіліп, сол микроқаржылық мекемелерге кететін болады.

ТӨРАҒА. Сенатор Еңсегенов.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті Ерболат Асқарбекұлы, менің сізге бірнеше сұрағым бар.

Бірінші. Кәсіпкерлікті, соның ішінде шағын кәсіпкерлікті дамытуға орасан үлкен соққы болған соңғы девальвация. Өзіңіз білесіз, 2014 жылы екінші деңгейдегі банктер теңге болмағандықтан доллармен алуға мәжбүрледі. Осының әсерінен доллардың бағасы шарықтап кетуіне байланысты бүгін үлкен қиындықтар туындап отыр. Кәсіпкерлер қапыда

қақпанға түскендей болып арпалысуда. Осы мәселе қазір бас ауруынан жан ауруына айналды, үлкен жұмыссыздыққа алып келді. Отбасының бұзылуына, ажырасуына да әкеліп соқтырып жатқан жағдайлар бар. Ұлттық Банктің осындай саясатының нәтижесінде пайда болған есепсіз өсімді төлеу мерзімін ұзартуға немесе оған жалпы амнистия жасау жөнінде сіздің пікіріңізді білгім келіп тұр. Егер біз кәсіпкерлікті қолдаймыз десек, бұл өте үлкен мәселе.

Екінші. Екінші деңгейдегі банктер қоғамның мүддесін, халықтың мүддесін ойлап отыр деп айту ертерек, триллиондаған ақшаны бергеніне қарамастан қазір пайыздық саясаты өзгеріп отырған жоқ. Осы мәселені реттеу мәселесінде Ұлттық Банктің Төрағасы ретінде сіздің қандай нақты жоспарларыңыз барын білгім келеді. Рақмет.

ДОСАЕВ Е.А. Өздеріңіз білесіздер, 2014–2015 жылдардан бері жиналған мәселелер көп. 2015 жылдың маусымында өткізілген соңғы девальвациядан кейін банктердің көбі өздері алдында берген валюталық кредиттердің барлығын ауыстырған болатын.

Пайыз жағынан қарағанда кіші және орта бизнеске валютамен берілген несиелердің саны 20 пайыздан аспай отыр. Оның ішінде штраф пен пенялар бар. Бірақ оның бәріне бірден амнистия өткіземіз бе, басқалай ма, ол дұрыс болмайтын шығар деп ойлаймын. Бірақ банктермен жұмысты бастадық. Соңғы екі айдың ішінде (созу жөнінен) қандай мүмкіншіліктер бар екенін қарастырып жатырмыз. Оны да қарап жатырмыз. Бірақ бір кредит келесі кредитке ұқсамайды, өздеріңіз білесіздер. Біреулер ақшасын жеп қойған, ал біреулер шынымен де банктерге төлей алмай отыр.

Біздің дайындап жатқан комплексіміз бар, жылдың соңына дейін (күзде) дайын болатын шығар, бірақ механизмдерін дайындауымыз керек. Өйткені Ұлттық Банкке банктердің де өз сұрақтары бар: созсақ қандай көмек береміз, немен береміз, теңгемен бе, әлде доллармен бе дегендей. Соны қарастырып жатырмыз.

Өздеріңіз білесіздер, өткен екі-үш жылдың ішінде ипотекаға қатысты көп мәселені шештік, рефинансирование өткіздік (валютамен берілген ипотека, теңгемен берілген ипотека). Бірақ бүгін портфеліміздің сомасы 12 триллион 700 миллиард болса, оның 20 пайызын санаңыз, онда кіші және орта кәсіпкерлерге берілген 250 миллиард теңгедей валютамен берілген кредиттер. Оны банктермен бірге ертең немесе арғы күні бірден шеше алмаймыз. Бірақ алдымыздағы қалған үш айдың ішінде біз бір-бірімізбен сөйлесіп, қандай мүмкіншілік болады, қандай көмек болады, сол туралы күзде айтатын боламыз.

Жаңа айтып кеттіңіз ғой, 4 триллион 100 миллиард біздің азаматтарымыздың алған кредиттері. Алдымызда келе жатқан екі жетінің ішінде біз Үкіметпен бірге дайындап жатқан жұмысымызды бітіреміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сенатор Бекназаров Бектас Әбдіханұлы.

БЕКНАЗАРОВ Б.Ә. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Ерболат Асқарбекұлы, менде сізге мынадай сұрақ туындап отыр. Соңғы үш-төрт жыл көлемінде Ұлттық Банктің қызметіне қарап отырсақ, біртүрлі түсініксіз жағдай қалыптасып отыр. Ол қандай жағдай? Ең алдымен Ұлттық Банктің жұмысын, оның

құзыретін кеңейту туралы бірнеше мәселе қойдыңыздар, ондай заңдар қабылданды, құзыреті кеңейді. Одан кейін қарыздарды қайтару жөнінен коллекторлық қызмет құру керек дедіңіздер. Оған бардық, ондай заң қабылданды, қарызды қайтарудың барлығын солай ысырып тастадыңыздар.

Енді қаржы нарығын реттеу, дамыту, тұтынушылардың құқықтарын қорғау – тікелей Ұлттық Банктің өз функциясы. Енді осыны бөлек агенттік құрып, соған аударамыз дейсіздер. Сонда Ұлттық Банктің өзінде не қалайын деп отыр? Бұл құзыретін күшейтіп алып, өзінің жауапкершілігін бірте-бірте азайтуға әкеле жатқан жағдай емес пе? Осыған біздің көзімізді ашып беріңізші.

ДОСАЕВ Е.А. Рақмет. Өткен жылы мен сіздерге айттым, сіздер қолдағаннан кейін Ұлттық Банктің құзыреті көтеріліп, осы жылдың 1 қаңтарынан бастап риск-ориентированный надзорды енгізіп жатырмыз.

Біздің басты төрт функциямыз бар. Бұл баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, ақша-кредит саясаты мен валюталық реттеу және төлем жүйелерін дамыту. Бұл функциялардың барлығы Ұлттық Банкте қалайын деп отыр.

Біз енді соңғы инстанцияның кредиторымыз. Жаңа нормаларды қолдағандарыңыз жаңа агенттікке көмек береді. Жаңа айтып кеттім ғой, бұл жаңа агенттік тікелей Президентке бағынады.

Екінші жағынан, өзінің бюджеті болады. Бірақ енді өздері шешім шығару керек.

Ұлттық Банкінің жұмысы екі қол сияқты ғой. Бір жағынан, регулятормыз, екінші жағынан, оларға көмек беру керек. Ол дұрыс емес. Агенттік өзінің жұмысын істегеннен кейін реттеу жағынан, дамыту жағынан ұсыныстар енгізілгенде Ұлттық Банк қарау керек.

Біздің ортамызда бір статистикалық реттеу базасы болады. Ол жағынан жұмысты бірге істейміз. Бүгінгі функционалға қарағанда, ең соңғы халықаралық ізденімдерге қарағанда 79 елдің ішінде 9 елдің ғана барлық функциялары бір ортақ органда болған, бір орталық банкте, басқалары қазір бөліп жатыр.

Австралийская модель бар. Оның ішінде әр салаға өзінің регуляторын істеп жатыр қазір. Банктерге бір регулятор, страховой рынокқа бір регулятор. Айтып отырмыз ғой, қаржы қағаздарын шығаратын рынокқа басқа бар.

Оған қарағанда, біз оған әлі жеткен жоқпыз. Бірақ енді бүгін Ұлттық Банк өзінің төрт басты функциясымен жұмыс істесе, сол дұрыс болады. Оның ішінде еліміздің экономикасын өсіру жағынан көмегіміз, халықтың кірісін көтеру жағынан көмегіміз – біздің маңызды функцияларымыз болу керек. Ал агенттік өзінің жұмысын істейді.

Айтып отырмын ғой, біздің арнайы кеңесіміз бар. Кеңестің ішіне Ұлттық Банктің Төрағасы, агенттіктің төрағасы, Қаржы министрі, Ұлттық экономика министрі мен Елбасының көмекшілері кіреді. Бәріміз бірге шешім шығарамыз. Ұлттық Банк қаржы саласынан еш жаққа кетейін деп жатқан жоқ. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Ерболат Асқарбекұлы, сізге рақмет, орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада предоставляется члену Комитета по финансам и бюджету Плотникову Сергею Викторовичу.

ПЛОТНИКОВ С.В. Спасибо, уважаемая Дарига Нурсултановна.

Уважаемые коллеги и приглашенные! Основными целями законопроекта являются выработка концептуальных подходов по разделению регуляторных, контрольных и надзорных функций за финансовым рынком и ограничению рисков потребительского кредитования, внесение изменений по вопросам внедрения всеобщего декларирования, а также введения налоговой амнистии для физических лиц по списанию пени.

Таким образом, законопроект предусматривает три направления.

Первое. Вновь создаваемому уполномоченному органу передаются функции регулирования и развития финансового рынка, а также защиты прав потребителей. Разделение функций между уполномоченным органом и Национальным Банком позволит решить вопрос исключения конфликта интересов между задачами ценовой и финансовой стабильности.

Так переход на риск-ориентированный надзор с усилением надзорного мандата регулятора дает возможность уполномоченному органу свести к минимуму системные риски в секторе и более эффективно управлять финансовыми рынками.

В свою очередь, Национальный Банк будет концентрироваться на обеспечении низкого уровня инфляции, тем самым содействуя экономическому росту.

Второе. Законопроектом предусматривается введение соответствующих инструментов регулирования и надзора в отношении всех субъектов кредитования.

Микрофинансовые организации должны будут регистрироваться в уполномоченном органе, придерживаться их требований и отчитываться перед ним. Они уже будут не вправе изменять условия договора о предоставлении микрокредита в одностороннем порядке.

При этом микрофинансовые организации вправе расширить свою деятельность. Они могут привлекать займы, инвестировать активы в ценные бумаги и иные финансовые инструменты, осуществлять лизинговую деятельность и иные операции.

Третье. Законопроект предусматривает перенос ввода всеобщего декларирования на 1 января 2021 года. На данном этапе декларированию будут подлежать лица, занимающие ответственную государственную должность, и их супруги.

Предусматриваются второй и третий этапы декларирования, а с 1 января 2025 года обеспечивается полный переход на всеобщее декларирование всех категорий населения.

Кроме того, предусматривается списание пеней физическим лицам по налоговым обязательствам за налоговые периоды до 1 января 2019 года при условии погашения до конца 2019 года основного долга.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по концепции законопроекта не имеют.

С учетом изложенного Комитет по финансам и бюджету рекомендует одобрить в первом чтении проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития финансового рынка, микрофинансовой деятельности и налогообложения». Спасибо.

ТӨРАҒА. Есть ли вопросы к Сергею Викторовичу?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАҒА. Сұрақтар болмаса, мәселені талқылауға көшеміз. Сенатор Бейсенбаев Асқар Асанұлы.

БЕЙСЕНБАЕВ А.А. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Мен заң жобасын толықтай қолдаймын. Заң жобасындағы қаржы нарығын реттеудің тәуелсіз органын құру және тұтынушылық кредиттеудегі өзекті мәселелерді реттеу дұрыс шешім деп санаймын. Сонымен қатар заң жобасында регламенттелетін салалардың күрделі мәселелеріне тоқталғым келеді.

Бірінші, бүгінгі күні коммерциялық банктер мен жеке тұлғаларға берілетін тұтынушылық несиелердің көлемі 3 триллион 600 миллиард теңгені, ал несиеленушілердің саны 4 миллион 700 мың адамды құрайды. Бұл мемлекеттің барлық тұрғындарының 25 пайызынан жоғары екендігін атап өткім келеді.

Микроқаржы ұйымдары мен жеке тұлғаларға берген несиелер портфелінің қарызы 236 миллиард 700 миллион теңгені құрайды. Тұрғындардың банктерге қарыздары олардың табыстарынан 4 есе жылдам өсіп барады. Қазіргі уақытта көптеген қазақстандық несиеге қарыз беру режимінде осындай жағдайда өмір сүруде.

Несиені көптеп алуда, аса танымалдық сауда жүйелеріндегі тауар несиелерін алып отыр. Яғни оларға тек қана тауар емес, үйлерге арналған тауарлармен қатар азық-түлік пен қызметтерді бөліп төлеуді алу ұсынылады.

Сегодня все больше казахстанцев живут не по средствам. Кредиты берут все больше и больше. Большую популярность получает выдача товарных кредитов в торговых сетях. Более того, банковский сектор предлагает казахстанцам приобретать в рассрочку не только товары для дома, но и продукты питания и услуги.

В стране образовалась новая рискованная схема использования необеспеченных потребительских кредитов для закрытия других кредитов, в том числе ипотечных займов.

Количество заемщиков, имеющих два и более займов, составляет почти полтора миллиона человек. В среднем на каждого из них приходится по 1,3 миллиона тенге.

Особо настораживает кредитование неработающей молодежи, студентов, а также низкооплачиваемых работников бюджетной сферы. Порой финансовые организации, зная, что данная категория людей может не вернуть выданные займы, осознанно идут на такие риски.

Исходя из этого, сегодня необходимо пересмотреть институт потребительского кредитования и принять необходимые меры для улучшения положения заемщиков.

Пристального внимания заслуживает вопрос финансовой грамотности населения. Сегодня многие граждане не привыкли оценивать свои риски, и если есть возможность получить доступный кредит для удовлетворения своих краткосрочных потребностей, они это делают. И вчерашний хороший заемщик в рамках сегодняшней кредитной «свободы», набрав кредиты, становится неплатежеспособным.

Повышение финансового образования среди населения необходимо начинать со школьного возраста, как это делают развитые страны. Это позволяет формировать у

граждан навыки эффективного использования своих финансовых средств. Должны быть выстроены информационные площадки, охватывающие вопросы личных финансов.

К сожалению, сегодня отсутствуют образовательные курсы, содействующие формированию у населения разумного финансового поведения, ответственного отношения к личным финансам, навыков управления личным, семейным бюджетом, а также эффективного управления кредитными ресурсами.

В этой связи регулятору необходимо принять комплексные меры для повышения финансовой грамотности населения.

В последние годы казахстанское общество столкнулось с таким явлением, как онлайн-займы, предоставляемые небольшими компаниями населению с высокими процентными ставками. Сегодня небанковский рынок кредитования представлен более 40 компаниями онлайн-кредитования.

Для исключения финансовой кабалы граждан в прошлом году Парламентом были приняты законодательные поправки, которые ограничили годовую эффективную ставку вознаграждения по договору займа до 100 процентов. В то же время онлайн-кредиты по-прежнему остаются популярными среди наших граждан. Так, по данным Национального Банка, портфель рынка онлайн-кредитования по состоянию на 1 апреля 2019 года составил 63 миллиарда 200 миллионов тенге, и около 400 тысяч человек сегодня являются заемщиками по онлайн-кредитам.

Отсутствие четкого регулирования данной сферы порождает социальные риски, учитывая стремительный рост финансовых технологий и доступность денежных средств по данной линии.

В целом должна быть выработана определенная модель государственного регулирования сферы онлайн-кредитования.

В рассматриваемом законопроекте имеются нормы по дальнейшему поэтапному переходу к всеобщему декларированию и продлеваются сроки их введения, что является правильным и обоснованным решением.

Вместе с тем в этом вопросе нужен взвешенный подход, так как имеется ряд проблемных вопросов, которые требуют своего внимательного изучения.

Мы должны четко определить основную цель всеобщего декларирования. Это или борьба с теневой экономикой, или с коррупционными проявлениями, либо это усиление роли государства в обеспечении сбора налогов. Только исходя из этого можно переходить к полномасштабному администрированию налогообложения доходов физических лиц.

Надо отметить, что сегодня нет четких критериев сведений, подлежащих отражению во входной декларации, что может завтра вызвать справедливое возмущение со стороны населения.

Так, даже у государственных служащих, которые первыми будут сдавать входную декларацию об активах и обязательствах, имеется ряд вопросов, а что говорить о населении, проживающем в сельской местности или об одиноких пенсионерах, когда все они начнут сдавать декларации?

Не до конца продуманная законодательная база в период реализации может вызвать настоящий коллапс, в том числе и технический.

В этой связи было бы разумно:

1) создать максимально удобную для населения процедуру входного декларирования с понятным и четким определением сведений, подлежащих отражению в декларации;

2) четко определить круг лиц, на которых будет распространяться обязанность по представлению упрощенной декларации в рамках всеобщего декларирования;

3) модернизировать информационные системы органов государственных доходов, чтобы они стали более удобными для населения;

4) усилить информационно-разъяснительную работу среди населения по введению всеобщего декларирования как со стороны Правительства, так Парламента и местных исполнительных органов.

В целом необходимо пересмотреть концепцию всеобщего декларирования с точки зрения ее практической реализуемости.

В этой связи предлагаю отмеченные выше вопросы, начиная с концепции, до внесения соответствующего законопроекта на рассмотрение в Парламент, обсудить в обязательном порядке в Сенате с участием разработчиков и привлечением отечественных и международных экспертов.

Надеюсь, что разработчики учтут данные замечания, предложения и усилят работу в указанных направлениях.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Асқар Асанұлы.

Келесі сөз сенатор Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Қаралып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының ерекшелігі – қаржы нарығын реттеу мен дамыту және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі функциялары мен өкілдіктерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен жеке мемлекеттік органға беруді заңнамалық бекітумен қатар микроқаржы қызметіндегі қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында әзірленген.

Заң жобасы Қаржылық тұрақтылық кеңесін құруды көздейді. Ол қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын болады.

Уәкілетті органның Ұлттық Банкпен қаржылық жүйедегі тұрақтылық мәселесі бойынша өзара іс-қимылы көзделген.

Заң жобасы арқылы Қазақстан Республикасының 10 кодексіне және 61 заңына үш негізгі бағыт бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылған. Әсіресе реттеуші төрелікті және тұтынушылық несие беру нарығындағы үнемі орын алып отыратын проблемаларды жою мақсатында халықтың борыштық жүктемесінің бақыланбай өсуіне жол бермеу үшін барлық кредиттеу субъектілеріне қатысты тиісті реттеу және қадағалау құралдарын енгізудің талап етілуі осы бағыттағы жұмысты жандандыратындығы айқын.

Заң жобасында ұсынылып отырған шаралар кредит нарығының айқындылығын арттыруға, түрлі сегменттерді реттеуге, теңгерімсіздіктерді жоюға, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы қаржы жүйесін реттеу мәселелерінде заңнамалық база ретінде маңызды рөлін ескере отырып, аталған заң жобасын қолдауға әріптестерімді шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Осымен талқылау аяқталды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы Сенат қаулысының жобасын сіздерде бар. Құрметті депутаттар, дауыс беріңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44 депутат, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» жоқ. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылды.

Сенатор Мұқаев.

МҰҚАЕВ Е.Р. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беріңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44 депутат, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» жоқ. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралатын болады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Бейбіт Бәкірұлы Атамқұловқа беріледі.

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! «Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы сіздердің қарауларыңызға ұсынылды.

Шарт бұрын тыйым салынбаған жаппай-қырып жою қаруларының соңғы түрі – ядролық қаруға заңды тұрғыда тыйым салатын тарихтағы алғашқы халықаралық құжат болып табылады. Өз кезегінде ядролық қаруға заңды тұрғыда тыйым салу ядролық қаруды толық жою, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының 2045

жылға қарай ядролық қарусыз әлем құру идеясын іске асыру жолындағы қажетті алғашқы қадам болып табылады.

Договор запрещает производство, испытание, приобретение, передачу, хранение и размещение на своей территории ядерного оружия.

Также согласно положениям документа запрещено как использование ядерного оружия, так и применение угроз по его использованию.

Договор о запрещении ядерного оружия (ДЗЯО) был открыт к подписанию с 20 сентября 2017 года и вступит в силу после его ратификации 50 государствами. Казахстан подписал ДЗЯО 2 марта 2018 года. На текущий момент договор подписан 70 государствами, ратифицирован 23 государствами. Вступление в силу договора может занять до пяти лет.

Уважаемые депутаты, как вы знаете, 29 августа 1991 года Елбасы подписал исторический Указ о закрытии Семипалатинского испытательного ядерного полигона. Затем Казахстан добровольно отказался от четвертого в мире по мощности ядерного потенциала. Казахстанцы на собственном примере показали всему миру путь к более безопасному будущему.

С закрытием Семипалатинского полигона стартовал новый этап глобального процесса ядерного нераспространения и разоружения. После этого замолчали и другие ядерные испытательные полигоны планеты.

Сегодня в мире растет уверенность в том, что ядерная угроза – самая серьезная глобальная угроза для существования любого государства и всего человечества. Полное и необратимое ядерное разоружение является единственной и необходимой гарантией недопущения самоубийственной ядерной войны.

С целью оказания содействия процессу глобального разоружения по инициативе Елбасы в 2015 году Генеральной Ассамблеей Организации Объединенных Наций была принята Всеобщая декларация по достижению мира, свободного от ядерного оружия.

На протяжении всей истории независимого Казахстана Первый Президент демонстрировал приверженность казахстанского народа и наше собственное уникальное видение пути к достижению одной из самых важных и благородных задач человечества – защите людей и будущего планеты от угрозы уничтожения.

Как вы знаете, Казахстан является членом Центральноазиатской зоны, свободной от ядерного оружия. Глубоко символично, что данное международное соглашение было подписано в Семипалатинске.

Стоит особо отметить, что безъядерный статус Центральной Азии был признан всеми государствами «ядерной пятерки» и закреплён в соответствующем Протоколе о негативных гарантиях, подписанном Великобританией, Китаем, Россией, США и Францией в 2014 году.

Уважаемые депутаты, решение о присоединении нашей страны к ДЗЯО обусловлено политической волей Первого Президента Казахстана – Елбасы и неизменной позицией Казахстана по вопросам ядерного разоружения. Ратификация ДЗЯО полностью соответствует нашим устремлениям.

Осы заңды қабылдау республикалық және жергілікті бюджеттерден қосымша қаражат бөлуді талап етпейді, сондай-ақ теріс әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және құқықтық салдарларға әкеп соқпайды.

Бұл құжаттың ядролық қарусыздану және таратпау жөніндегі маңыздылығын ескере отырып, сіздерден «Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бейбіт Бәкірұлы.

Бейбіт Бәкірұлына сұрақтарыңыз бар ма? Сенатор Еңсегенов.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Менің сұрақтарыма, мүмкін, осы мәселеге қатысы бар Энергетика вице-министрі жауап беретін шығар деп ойлаймын. Аталған шарттың 6-бабында ядролық сынақ зардабын шеккен адамдарға жан-жақты көмек көрсетілісін деп жазылған.

Семейден басқа Қазақстанда Атырау облысындағы Азғыр өңірінде 1966 – 1979 жылдары аралығында 17 рет ядролық сынақ өткізілген. 10 техникалық алаңда өткізілген сынақтың біреуінен радионуклидтер жер бетіне шығып, ауаға таралған.

2008 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Үкіметке Азғыр өңіріндегі ядролық сынақтан зардап шеккен адамдарды оңалтудың мемлекеттік бағдарламасын 2009 жылдың бірінші тоқсанына дайындауды тапсырған. Өкінішке қарай, әртүрлі себептермен бұл тапсырма іске аспай қалды. Осы Сенат депутаттарының араласуымен Үкімет Жол картасын дайындады.

Менің бірінші сұрағым осы шарттың 6-тармағына байланысты. Осыған біз қосымша оралып, мемлекеттік бағдарлама жасауға мүмкіндік бола ма?

Екінші сұрақ. Азғыр полигонының территориясына Кеңес Одағы тұсында Кеңес Одағының өте құпия түрде дайындалып жасалған «Ява-13» ядролық қондырғысы әкеліп орнатылған. Бұл туралы кезінде біздің ғарышкер Тоқтар Әубәкіров те жазған. Бұл ядролық қондырғы қазіргі кезде құпия түрде тұр, өте қуатты болаттан жасалынған, диаметрі 24 метр. Аталған қондырғы Үкіметтің қаулысымен кезінде халықаралық ұйымға тегін берілген, бірақ біздің депутаттық сауалымыздан кейін бұл Үкіметке кейін қайтарылды. Енді осы қондырғының қандай мақсатқа қолданылғандығы туралы нақты құжат жоқ. Кезінде бұнда ядролық сынақ өткізілді, жасанды алмаз алынды дейді, бірақ бір де бір құжат жоқ. Осы құжаттарды Ресейден алу мүмкіндігі бар ма?

Екіншіден, аталған қондырғыны болашақта пайдалану мүмкіндіктері қандай? Қазіргі кезде бұл энергетика министрлігінің құзыретіндегі мемлекеттік органның есебінде тұр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергетика министрлігінің өкілдері.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Сәрсенбай Құрманұлының «Азғыр» полигоны бойынша сұрағына.

Жаңа өзіңіз айтқандай, бұл ақпаратты Ресей мемлекетінен ала алмай отырған себепті осы келіссөзді Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп қарастырып жатырмыз. Біз оны Семей сынақ полигонының көлеміндегі жұмыстар барысында бірігіп, осы келіссөздерді алуға мүмкіндік аламыз ба деп отырмыз. Қазір Ресей тарапы Семей сынақ полигонында қалған құпия құжаттарды бізге беру жөнінде ұсыныс жасап отыр. Біз Азғыр, Семей сынақ полигонына қатысты тағы да қандай құжаттар бар, соны осы келісім-шартпен аламыз деп отырмыз. Сондықтан жаңа өзіңіз айтқандай, құпия келіссөздер әрі қарай болады, біз оған жазбаша түрде қосымша ақпарат береміз.

6-бап бойынша қойған сұрағыңызға. Дәл қазір Үкімет тарапынан жеке жоспар құру қаралмаған, бірақ ядролық қаруды таратпау мәселесін ғана емес, ядролық жарылыстардың қандай зардап әкелгеніне байланысты Азғыр, Семей полигоны жөнінде жеке-жеке қауіпсіздік жөнінде жоспарлар құрылады. Сонда қандай қаражат бөлу керек екенін қарастырамыз деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Келесі сұрақты сенатор Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлы қояды.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы. Менің сұрағым да әріптесім қойған сұраққа ұқсас, Энергетика министрлігіне.

Қазақстан ядролық қаруға қарсы күрестің әлем мойындаған көшбасшысы. Өздеріңізге белгілі, жаңа баяндамашы айтып кеткендей, 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойып, кеңестік әскери арсеналдан мұра болып қалған әлемдегі төртінші ядролық әлеуеттен Қазақстан өз еркімен бас тартты.

Бүгінгі қаралып отырған заң жобасын да осы бастаманың жалғасы деп атауға болады. Тиісті ақпараттар бойынша Семей ядролық полигонының жалпы көлемі 1 миллион 800 гектарды құрайды және олар Шығыс Қазақстан облысында 979 мың гектарға, Павлодар облысында 706 мың гектарға және Қарағанды облысында 132 мың гектарға орналасқан.

Қаралып отырған шарттың 6-бабына сәйкес әрбір қатысушы мемлекет ядролық қаруды сынауға байланысты әрекеттер негізінде ластанған аудандардың қоршаған ортасын қалпына келтіру үшін қажетті және тиісті шараларды қолданады деген міндеттемелер алып отыр.

Осыған байланысты туындап отырған сұрақ: Семей полигоны бойынша ластанған аудандардың қоршаған ортасын қалпына келтіру үшін қандай шаралар іске асырылуда? Рақмет.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Құрметті Әбдәлі Тоқбергенұлы, сұрағыңызға рақмет. Жалпы өздеріңіз білетіндей, Семей сынақ полигонында 400-ден астам ядролық жарылыс болды. Негізгі жарылыс болған орындар Дегелең массиві, Балапан деген жерлер толық қауіпсіздік деңгейіне келтіріліп, тиісті материалдармен штольнилардың бәрі құйылып, қазір қауіпсіз. Оның үстіне Ұлттық гвардия қызметкерлерінің күзету мәселесі шешілген, оған тиісті қаражат бөлінген. Сондықтан нақты ядролық жарылыстар болған жерлер толық қауіпсіз деп айтуға болады.

Жаңа өзіңіз айтқандай, үлкен көлем – бұл Семей сынақ полигоны. Сондықтан тиісті қаражат бөлініп, қазіргі кезде радиациялық, экологиялық зерттеулер жүргізіліп жатыр. Бүгінгі күні 65 пайыздай жер осы зерттеуден өткізілді. Жоспар бойынша 2021 жылы толық көлемде зерттеулер аяқталады.

Соның негізінде таза жерлер анықталады, олардың экономикалық оборотқа қалай шығарылатыны анықталады. Радиациялық қалдықтары бар жерлер белгіленіп жатыр. Ол жерлердегі қоршаған ортаны қалпына келтіру үшін қазір техникалық-экономикалық негіздеме дайындап жатырмыз. Биыл аяқтап, ендігі жылы Үкіметке қаражат бөлуге шығарамыз. Ол радиоактивтік қалдықтардың сақтау орнын жеке жасап, сол жерге барлық радиоактивті қалдықтары бар материалдарды жинап қоямыз. Қалған тазаланған жерлерді толық көлемде экономикалық оборотқа шығаруға, сонымен жаңағы сынақ полигонының жалпы көлемін, жерін азайтып, оны қорғауға мүмкіндік береді. Оған Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің тиісті тапсырмасы бар, Қауіпсіздік Кеңесінің тапсырмасы бар. Осы Семей сынақ полигонының қауіпсіздігі мен инфрақұрылымын дамыту туралы тиісті жоспар құрылған. Сол жоспар бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

ТӨРАҒА. Енді қазірден бастап бұл мәселе жаңа құрылған министрліктің міндетінде ме, әлде Энергетика министрлігінің бе?

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Жалпы сынақ полигонының қауіпсіздігі, осы жоспарды дамыту Энергетика министрлігінің құзыретінде қалады, бірақ экологиялық жағынан барлық зерттемелер жаңа министрлікке ауысады. Біздің жұмыс тобымыз бар. Ол бір министрліктің ішінде құрылған топ болатын, қазір әріптестермен бірігіп, жұмысты жалғастырамыз деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Төлеубек Төлеуұлы Мұқашевқа беріледі.

МҰҚАШЕВ Т.Т. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Жоғарыдағы баяндамада айтылғандай, ядролық қаруға тыйым салу туралы шартқа 2017 жылғы 7 шілдеде қол қойылған.

Осы шартқа сәйкес мүше мемлекеттің аумағында ядролық қаруды немесе ядролық жарылғыш құрылғыларды өндіруге, сынауға, сатып алуға, беруге, сақтауға және орналастыруға тыйым салынады. Сонымен бірге ядролық қаруды қолдануға, сондай-ақ оны қолдану қатерін төндіруге тыйым салынады.

Осы шартты ратификациялау Қазақстанның ядролық қарудан азат әлемді құру және сақтау ісіне қомақты үлесін қосады, сондай-ақ еліміздің ядролық қарусыздану саласындағы көшбасшылығын растайды.

Заң жобасы Сенаттың тұрақты комитеттері мен бөлімдерінде, сонымен қатар заң жобасын әзірлеушілердің қатысуымен жұмыс тобының отырыстарында жан-жақты қаралды. Ескертпелер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде «Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда мәселені талқылауға көшейік.

Сенатор Мұсабаев.

МҰСАБАЕВ Т.А. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Бүгін біздің назарымызға өте маңызды заң жобасы ұсынылды. Өздеріңіз білетіндей, 1991 жылғы 29 тамызда Қазақстан алғашқы болып әлемдегі төртінші ядролық әлеуеттен бас тартып, Семей сынақ полигонын жапты.

Кейінгі жылдары бұрынғы ҚСРО-дан мұра болып қалған 1216 ядролық оқтұмсық ел аумағынан шығарылды. 1994 жылы Елбасының ақылға салынған және көреген шешімінің арқасында Қазақстан ресми түрде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылып, ядролық қаруы жоқ мемлекет мәртебесін алды.

Осыған орай мен аталған заң жобасын толық қолдауды дұрыс деп санаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылау аяқталды, енді шешім қабылдайық.

«Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44 депутат, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» жоқ. Заң қабылданды. Шақырылған азаматтарға рақмет. Аман-сау болыңыздар.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Слово для доклада предоставляется Министру индустрии и инфраструктурного развития Скляр Роману Васильевичу.

СКЛЯР Р.В. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! 2017 жылғы 30 қарашада Минск қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының елдері арасында қол қойылған «1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы

мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын назарларыңызға ұсынамыз.

Төртінші хаттама ұйым елдері арасында келісімді іске асыру механизмін жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда, бұл құжатта біріншіден – әскери өнімге баға қалыптастыру тәртібін айқындау бекітілген, екіншіден – мемлекеттік уәкілетті органдар қажет болған кезде өндірушілердің өз қарулы күштеріне сатылатын бағасы мен өнімді өткізу бойынша растау беру көзделген.

Заң жобасының мәні: Қазақстанның өз қарулы күштері үшін ұйым елдерінің ішкі бағалары бойынша қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алуға құқық алады.

Бұл құжат Беларусь, Ресей және Тәжікстан мемлекеттерінде ратификацияланды.

Төртінші хаттаманы ратификациялау республикалық бюджеттен қосымша шығынды талап етпейді және теріс әлеуметтік салдарға әкеп соқпайды.

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Есть вопросы к Роману Васильевичу? Пожалуйста, сенатор Волков.

ВОЛКОВ В.В. Спасибо, уважаемая Дарига Нурсултановна.

Роман Васильевич, это новые функции, которые перешли к вам от другого министерства совсем недавно. Поэтому вопрос к Вам или к представителям других государственных органов, Министерству обороны.

Главами государств в рамках Организации Договора о коллективной безопасности было подписано 46 документов, из них 45 рассмотрены и ратифицированы Парламентом. Сегодня мы рассматриваем 46-й документ.

Суть его заключается в том, что Казахстан, являясь страной – участницей ОДКБ, получает право на приобретение вооружения и военной техники по внутренним ценам стран ОДКБ.

Три ранее ратифицированных соглашения также связаны с регулированием вопросов поставок, перемещения, передачи и других вопросов военно-технического сотрудничества.

Позволяет ли созданная нормативно-правовая база между государствами – участниками ОДКБ на должном уровне и в полном объеме осуществлять приобретение военной техники или требуются еще другие источники?

Учитывая новые вызовы и угрозы, планируется ли принятие дополнительных документов, направленных на создание благоприятных условий для военно-технического сотрудничества между странами ОДКБ? Спасибо.

СКЛЯР Р.В. Спасибо за вопросы.

В докладе я отметил, что каких-либо изменений и дополнений в наше законодательство в связи с ратификацией данного Четвертого протокола не требуется. Вся

нормативно-правовая база нашего государства и государств – членов ОДКБ соответствует текущей ситуации. Наши предприятия и наши военные ведомства готовы к работе именно в данных условиях.

Если можно, более подробно ответит первый заместитель Министра цифрового развития, оборонной и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан генерал Жанжуменов.

ЖАНЖУМЕНОВ Т.Ж. Добрый день, уважаемые депутаты! Нормативно-правовая база Организации Договора о коллективной безопасности находится в постоянном совершенстве.

Вы правильно отметили, сегодня мы рассматриваем Четвертый протокол, до этого было три протокола, которые раскрывали или совершенствовали имеющиеся соглашения о военно-техническом сотрудничестве между странами Организации Договора о коллективной безопасности. Сегодня сказать, что завтра или послезавтра будут какие-либо идеи или мы будем вносить новые поправки, я с большой уверенностью не могу.

На сегодняшний день существует подкомиссия по военно-техническому сотрудничеству с Российской Федерацией, в работе которой принимают участие все заинтересованные оборонные предприятия наших государств.

При возникновении тех или иных пожеланий заводов по улучшению работы будут приниматься соответствующие нормативно-правовые акты. Можно для примера сказать, когда мы говорили, что будем торговать в российских рублях, мы подготовили соответствующее соглашение, сейчас в рамках ОДКБ все поставки и реализация товаров осуществляется в российских рублях.

Были вопросы, связанные с тем, чтобы расширить номенклатуру поставок. Изначально говорили, что будут поставлять только для вооруженных сил, сейчас мы расширили, по внутренним ценам поставляем для правоохранительных и специальных государственных органов.

Я думаю, что нормативная и законодательная работа в ОДКБ будет продолжаться и дальше. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Нұржан Нұрланбекұлы Нұрсипатовқа беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер, қатысушылар! Қарастырылып отырған заң жобасының мазмұнын, ерекшеліктерін баяндамашы толық жеткізді.

Менің өз тарапымнан қосарым: құжаттығы хаттаманың негізгі мақсаты – ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа мүше мемлекеттердің арасындағы айналыстағы әскери бағыттағы өнімдердің бағасын анықтау, белгілеу тәртібін жетілдіру, оны жеңілдету болып табылады.

Хаттамада ұжымдық шартқа мүше әрбір мемлекетке әскери өнімді шығарушы елдің ішкі бағасымен сатып алу мүмкіндігі берілген.

Заң жобасы Қазақстанға достас мемлекеттермен әскери және әскери техникалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға өзінің оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сенаттың барлық комитеттері заң жобасына өздерінің оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты заң жобасын қолдап, оны тұтастай қабылдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Нұржан Нұрланбекұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда мәселені талқылауға көшейік. Сөз сөйлеймін деушілер бар ма?
Сенатор Қожамжаров.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекетіміздің әскери қуаттылығын арттыруда Ұжымдық қауіпсіздік туралы ұйымға кіретін мемлекеттердің қарым-қатынасын нығайтуға аса ерекше көңіл бөлді.

Әрине, Қарулы күштерімізді сапалы және заманауи қару-жарақпен, әскери техникамен қамтамасыз ету өзекті мәселе.

Осы арада ұсынылған келісімнің төртінші хаттамасы – әскери-техникалық ынтымақтастық туралы Қазақстан мен Ұжымдық қауіпсіздік елдері арасындағы бұрынғы келісімдерді іске асыруға арналған кезекті қадам.

Оның артықшылығы, жаңа айтылып кеткендей, одақтас ел ретінде стратегиялық серіктестеріміздің қару-жарағын Ұжымдық қауіпсіздік ұйымына мүше елдеріне арналған бағамен жабдықтауға мүмкіндік береді.

Мұндай заңды біз жақында ғана Ресей Федерациясымен ратификацияладық. Сондай үстемдіктер, әр тараптың құқықтары мен міндеттері осы қарастырылып отырған заңда да бекітілген.

Құрметті әріптестер, ұсынылған келісімнің ратификациясы еліміздің қауіпсіздігін одан әрі нығайтады.

Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қайрат Пернешұлы.

Осымен талқылау аяқталды. Енді шешім қабылдайық.

«1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Аман-сау болыңыздар.

Енді күн тәртібіне қосымша енгізілген заң жобасы бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат. Қажетті кворум бар, жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге түзетулер енгізу туралы» Заң жобасы екінші оқылымда қаралады.

Слово предоставляется сенатору Плотникову Сергею Викторовичу.

ПЛОТНИКОВ С.В. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті әріптестер мен құрметті шақырылғандар! Бүгін біз өте маңызды заң жобасын талқылап отырмыз. Біз бірге қыруар жұмыс атқардық.

Законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития финансового рынка, микрофинансовой деятельности и налогообложения» рассмотрен на заседании Сената и одобрен в первом чтении.

Законопроектом вносятся изменения и дополнения в 10 кодексов и 61 закон.

В соответствии с законопроектом предусматривается расширение периметра регулирования надзорного органа, включив в него все субъекты кредитования. На нерегулируемые субъекты рынка кредитования (онлайн-кредиторы, кредитные товарищества, ломбарды) будут распространены все требования и ограничения, установленные законодательством о микрофинансовой деятельности. Эти меры способствуют повышению прозрачности рынка кредитования, недопущению неконтролируемого роста долговой нагрузки населения, уменьшению задолженности по кредитам, выдаваемым указанными кредитными организациями.

Создание агентства с передачей ему функций регулирования и развития финансового рынка, защиты прав потребителей позволит концентрировать усилия на недопущение рисков и недобросовестной практики в финансовом секторе, что в конечном счете способствует обеспечению финансовой стабильности.

Кроме того, законопроектом предусматривается продление сроков введения и дальнейший поэтапный переход к всеобщему декларированию доходов и имущества физических лиц. При этом для различных категорий устанавливаются разные сроки введения деклараций об активах и обязательствах.

Также законопроектом предусмотрено проведение налоговой амнистии для физических лиц по списанию пени при условии уплаты основной суммы налога.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по данному законопроекту не имеют.

По проекту закона проведено расширенное заседание комитета.

С учетом изложенного Комитет по финансам и бюджету рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития финансового рынка, микрофинансовой деятельности и налогообложения».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Заң жобасы бүгін талқыланды, сенаторлар берген бірталай ұсыныс заңға енгізілді.

Енді сұрақтар болмаса, шешім қабылдауға көшейік. Бас комитеттің «Қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге түзетулер енгізу туралы» Заңды қабылдау жөніндегі ұсынысын және осы мәселе бойынша Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44 депутат, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды. Шақырылған азаматтарға рақмет, аман-саулық тілейміз.

Құрметті әріптестер, енді депутаттық сауалдарға көшеміз. Сөз сенатор Еңсегеновке беріледі.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевқа жолданады.

«Құрметті Мағзұм Маратұлы! Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі мол саланың бірі – балық кәсіпшілігі. Бұл бағытта Атырау облысы маңызды орын алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысындағы кездесуінде өңірдің аты балықпен шыққанын, оның әлемдегі белгілі әрі ірі балық шаруашылығы орталығы болғаны атап өтті.

Балық өнімдері ел ішінде де және шет елдерде де жоғары сұранысқа ие. Атырау балықшыларының өнімдері бәсекеге қабілетті, сапасы жоғары. Олар Батыс Еуропа, Қытай, Украина, Грузия, Ресей Федерациясына және басқа да шет елдерге кеңінен шығарылып жүр.

Дегенмен балық шаруашылығын дамытуда қазір кедергі келтіріп отырған мәселелерді қарап, шешу өзекті болып тұр.

Президент қазіргі ахуалға алаңдаушылық білдіріп, өңірдің балық өнеркәсібін қалпына келтіру және дамытудың тиімді жолдарын іздестіру керектігіне тоқталған еді.

Бұндай тиімді жолдардың бірі Каспий теңізі мен Жайық өзеніндегі балық аулау мерзімдерін қайта қарау деп есептеймін. Кеңес Одағы кезінде осы су айдындарында мұз түскен уақыттан бастап ағымдағы жылдың 25 мамырына дейін балық ауланатын. Бұл тәжірибе екі мыңыншы жылдың алғашқы он жылдығына дейін сақталып келді.

Қазіргі кезде көктемгі балық аулау Жайық өзенінде 25-ші сәуірге, ал Каспий теңізінде 10 мамырға дейін қысқартылған. Бұл балық аулау және оны өңдеу мен өткізуге, табыс пен тұрмысқа кері әсерін тигізіп отыр.

Ресей Федерациясының іргелес орналасқан Астрахань облысында Каспий теңізінен көктемгі балық аулау 20 мамырға, ал Еділ өзенінен балық аулау 25 мамырға дейін жүргізіледі.

Екі елдің балық аулау ережесіндегі айырмашылықтар қазақстандық балықшылардың мүмкіндігінің шектеулі екенін көрсетіп отыр. Ресей Федерациясында көктемгі балық аулау кезінде қазақстандық балықшыларға белгіленген мерзімнен Каспий теңізінен 11 күнге, Еділ өзені мен сағаларында 44 күнге артық ауланады.

Каспий теңізі мен Жайық өзеніндегі көктемгі табиғат жағдайының ерекшелігі де балық аулауға ықпал етеді. Теңіздегі тез пайда болатын дауыл кездерінде балық аулау мүмкін емес. Каспий теңізінің қазақстандық секторында, Жайық өзенінде мұз түсу уақыты ұзаққа созылады. Бұнымен қоса Жайық өзенінен сәуір айында балық аулауға тыйым салынған күндер ескерілмеуде.

Балық аулаудағы осындай теңсіздік және табиғат жағдайының әсері мен заңды шектеулер балық аулау лимитін игеруге әсер ететін негізгі факторлардың бірі.

Осындай жағдайларға байланысты үстіміздегі жылдың көктемінде бар-жоғы 20 күн балық ауланған. Лимиттің орындалуы 35 пайыз ғана.

Бұл өңдеу саласының дамуына, тұрақты жұмыс орындарының ашылуына, жаңа технологияның қолданысқа енгізілуіне, балықшылар табысы мен мемлекет есебіне түсетін кірістердің өсіміне, адамдар тұрмысының жақсаруын көздейтін мемлекеттік саясатқа тежеуші себепке айналып отыр.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Ұлттық экономика, Қаржы, Ауыл шаруашылығы министрліктері мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС өкілдерінің қатысуымен осы мәселе қаралып, талқыланды. Мемлекеттік органдар тарапынан Каспий теңізі мен Жайық өзенінде көктемгі балық аулау мерзімін ұзартуға қатысты ортақ түсіністік қалыптасты.

Құрметті Мағзұм Маратұлы, сіздің назарыңызға осы жайды жеткізе отырып, Каспий теңізі қазақстандық секторының солтүстік бөлігінің су айлағы мен Жайық өзенінен балық аулау мерзімдерін қайта қарап, оны 25 мамырға дейін ұзарту жөнінде ұсыныс енгіземін.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сұрауды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен, сенатор Еңсегенов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәрсенбай Құрманұлы.

Сенатор Мұрат Бактиярұлы.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Осы депутаттық сауалды жолдауымызға Парламентке ратификациялауға келіп жатқан заң жобаларының, олардың қосымшаларындағы халықаралық құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларының және депутаттық сауалдарға берілген жауаптардың сапасыздығы негіз болып отыр.

Халықаралық құжаттардың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің сапасын көтеру мақсатында уақытша Арнайы лингвистикалық сараптама тобы құрылған. Бұл топқа Сенат пен Мәжіліс Аппараттарының, нақты айтқанда, Редакциялық-баспа, Редакциялау және аударма бөлімдерінің, Әділет министрлігінің Заң шығару институтындағы Лингвистика орталығының мамандары кіреді. Бірақ аталған құжаттардың сапасы жақсарудың орнына қазіргі уақытта мүлдем төмендеп кетті. Лингвистикалық сараптама тобына орталық мемлекеттік атқарушы органдардың тарапынан халықаралық құжаттар жобасы сапасы сын көтермейтін деңгейде ұсынылады. Аталған құжаттардың жобаларын әзірлеуші министрліктер осы топқа арқа сүйеп, сеніп алғандығы соншалықты мүлде пысықталмаған, тіпті ең қарапайым екі мәтін салыстырылып қаралмаған жобаларды енгізуді әдетке айналдырып алған.

Осылайша Арнайы лингвистикалық сараптама тобына сеніп алудың салдары жалпы мемлекеттік тілдегі заң жобалары деңгейлерінің төмендеуіне алып келді. Оның себебін министрліктердің мамандары көп жағдайда құжаттарға қол қою кезінде енгізілетін өзгерістердің болуымен түсіндіреді. Соның салдарынан Сенат пен Мәжіліс мамандарының берген қорытындылары мен ұсыныстары мүлде ескерілмей, Үкімет пен министрліктер жіберген заң жобалары қателерімен бірге ұсынылады. Бұл орталық мемлекеттік органдар тарапынан мемлекеттік тілдегі құжаттардың сапасына жауапкершіліктің болмай отырғандығын білдіреді.

Сондықтан, біріншіден, Арнайы лингвистикалық сараптама тобының қызметін тоқтатып, жауапкершілікті толығымен заң әзірлеуші мемлекеттік органдардың өзіне жүктеген жөн және мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру бағытындағы іс-шараларды қабылдаған орынды деп санаймыз.

Екіншіден, аудармашылар арасында заң тілінің тең түпнұсқалығы жөнінде де өзіндік пікір қалыптасқан. Заң тілінің өзіндік стилі бар екені түсінікті. Бірақ тең түпнұсқалықтың тым сөзбе-сөз қамтамасыз етілуі заң нормаларының мемлекеттік тілде сөйлемеуіне, заң мәтіндерінің, халықаралық құжаттардың түсінікті болмауына, мемлекеттік тілдегі заңдардың аударма ретінде қалыптасуына әкеліп отыр.

Еліміздің тәуелсіздік алғанына биыл 28-ші жыл. Өкінішке қарай, осы уақыт ішінде жалғыз ғана заң мемлекеттік тілде әзірленген. «Халықтың көші-қоны туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының Заңынан басқа бірде-бір заң мемлекеттік тілде даярланбаған. Оның өзі ресми тілде дайындалған нормалардың араласуымен аяқталды.

Әлемнің барлық елдерінде заң тек өздерінің мемлекеттік тілдерінде әзірленеді, сондықтан біздің елімізде де заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеуге көшетін уақыт жетті. Оған кәсіби мамандарымыз да жеткілікті деп ойлаймын.

Заң тілін мемлекеттік тілде әзірлеу, ұлт терминологиясын сапалы деңгейде қолға алу шеңберіндегі осы сұрақтардың шешімін табуы Қазақстан Республикасында тәуелсіз

мемлекет ретінде мемлекеттік тілде түсінікті заңдардың әзірленуіне, сол негізде тіл дербестігі мен қолданыс аясының кеңеюіне жасалған маңызды қадам болар еді.

Үшіншіден, Үкімет басшысының, Үкімет мүшелерінің атына Парламент депутаттары тарапынан ел ішіндегі өзекті мәселелерді, халықтың талап-тілегі мен өтініштері негізіндегі жүйелі сұрақтарды шешу мақсатында депутаттық сауалдар жолданатындығы өзіңізге мәлім. Алайда Үкімет алдында осындай маңызды мәселелерді көтергеніне қарамастан, Үкімет мүшелері тарапынан депутаттық сауалдарға беріліп жатқан жауаптардың сапасы мен мазмұны, сауатты жазылу деңгейі сын көтермейді. Көп жағдайда депутаттық сауалдарға берілген жауаптардың мазмұны сырғытпа, үстірт сипатта болып келеді, нақты шешімдер мен мәліметтерді, жүйелі ақпаратты қамтымайды. Кейде министрлер жауапты оқымай-ақ қол қоя салғандай әсер қалдырады. Сауалда көтерілген сұрақтардың талқыланбай, жігі қарастырылмай, төменгі сатыдағы бөлімдердің деңгейінде орындалатындығы, жауап дайындаумен ғана шектелетіндігі, болмаса мәселе сауал жолданған уақытта ғана қолға алынып, одан әрі бақылаусыз қалып жататындығы орын алуда. Бастысы, жолданған сауалдың тікелей мәні бойынша жауап алынбайды, тиісінше қажетті шара қабылданбайды.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, жоғарыда аталғандардың негізінде заң тілін, мемлекеттік тілде әзірленетін халықаралық құжаттардың сапасын жақсарту және қажетті шешімдер қабылдауды талап ететін депутаттық сауалдарға берілетін жауаптарды тиісті деңгейде сауатты дайындау мақсаттарында кешенді, іргелі іс-шараларды қолға алуды қарастыруыңызды сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Еңсегенов, Нөкетаева, Төреғалиев, Еламанов, Мұқаев, Әкімов, Бақтиярұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сенатор Нұрсипатов.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге депутаттық сауал.

«Үкіметтің назарын әскери қызметшілерге тұрғын үй төлемдері бойынша берешектің жыл сайынғы өсу мәселесіне және қолданыстағы тұрғын үй төлемдерінің үлгі түрлерінде орын алған кемшіліктерге аударғым келеді.

2018 жылдан бастап әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін тұрғын үймен қамтамасыз етудің жаңа үлгісі енгізілген болатын. Олар:

қызмет еткен жылдарының мөлшеріне қарамастан, тұрғын үйге мұқтаж деп танылған әскери қызметшілерге тұрғын үй төлемдері;

әскери қалашықтардың, шекара заставаларының және өзге де жабық объектілердің аумағында немесе жатақханада қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілген әскери қызметшілерге тұрғын үй төлемдерінің 50 пайызын төлеу;

тұрғын үйге мұқтаж деп танылған әскери қызметшілерге өздері тұрып жатқан тұрғын үйлермен қамтамасыз етілмеген жағдайда жұмыстан босатылған кезде біржолғы тұрғын үй төлемдерін төлеу.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша аталған үлгі енгізілген сәттен бастап осы мақсаттарға көзделген қаражат көлемі 57 пайызға өсті және тұрақты өсуде. Оған себеп тұрғын үйге мұқтаж деп танылған тұлғалар санының артуы. Бұл, әрине, республикалық бюджетке қосымша жүк болып түседі.

Мысалы, Ұлттық ұланның тұрғын үй төлемдері бойынша берешегі 2,4 миллиард теңгені құрады, оған өткен жылғы 1,5 миллиард теңге сомасындағы қарыздар да кіреді. Осындай мәселені шешуге Шекара қызметіне 8 миллиард теңге қажет, оның 4,6 миллиард теңгесі кредиторлық берешекті өтеу үшін.

Көтеріліп отырған проблемалар кешенді шешуді талап етеді. Атап айтқанда, республикалық бюджет шығыстарының объективті болжау үшін көрсетілген тұрғын үй төлемдерінің қолданыстағы үлгісіне мұқият талдау жүргізу қажет, оның ішінде:

отбасының әрбір мүшесіне жиынтық табысты ескере отырып тұрғын үйге шын мәнінде мұқтаж қызметкерлер мен әскери қызметшілерді анықтау;

мемлекет есебінен өзінің және отбасы мүшелерінің тұрғын үй жағдайын жақсартуға бірнеше рет әрекет жасауды болдырмау;

әскери қызметшілерге, оның ішінде шын мәнінде мемлекет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген және жабық әскери қалашықта нақты белгіленген уақыт мөлшерінде тұрған отбасы мүшелеріне ғана біржолғы ақшалай өтемақы төлеу.

Ұсынылған ескертулер 10 беттен тұратын салыстырмалы кестеге енгізіліп, қосымша жіберіліп отыр.

Депутаттық сауалға жазбаша жауап беруді сұраймын.

Құрметпен, депутат Нұрсипатов».

Екінші сауал.

«Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину. Депутатский запрос.

Уважаемый Аскар Узакпаевич! В марте прошлого года депутатом Мажилиса Парламента Республики Казахстан Платоновым направлялся депутатский запрос Правительству о необходимости разработки и утверждения новых правил касательно сведений, относящихся к служебной информации ограниченного распространения.

Поднимаемая проблема касалась обеспечения доступности населения к информации о получателях бюджетных средств, выделяемых из республиканского бюджета. До настоящего времени данный вопрос остается открытым.

Следует отметить, что согласно подпункту 9 статьи 6 Закона «О доступе к информации» доступ к сведениям о формировании и расходовании средств из республиканского и местного бюджетов не подлежит ограничению. Однако в соответствии с действующими правилами отнесения сведений к служебной информации ограниченного распространения и работы с ней данные о получателях бюджетных средств отнесены государственными органами к категории служебных, и доступ к ним ограничен для общественности.

Также эти правила содержат критерии, по которым любую информацию можно отнести к информации ограниченного распространения приказом руководителя государственного органа. Их семь.

В этой связи возникает вопрос: не противоречат ли положению Закона «О доступе к информации» указанные правила и решения руководителей государственных органов об отнесении таких данных к служебным?

На основании изложенного предлагаю действующие правила привести в соответствие с нормами Закона «О доступе к информации» либо разработать и утвердить новый документ с четким определением критериев отнесения информации к служебным и перечня информации, не подлежащей ограничению.

О результатах рассмотрения депутатского запроса прошу предоставить письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, депутат Нурсипатов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сауалды Нөкетава Динар Жүсіпәліқызы жасайды.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Сауалға жеңіл өнеркәсіп саласында еңбек ететін сайлаушылармен кездесуде көтерілген мәселе негіз болып отыр.

Әлемнің көптеген елдерінде жеңіл өнеркәсіпті дамытуға елеулі көңіл бөлінеді және ол экономикадағы жетекші салалардың құрамына кіреді. Өйткені бұл сала еңбекке қабілетті халықтың, атап айтқанда, әйелдердің қомақты үлесінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ете отырып, жоғары әлеуметтік-экономикалық мәнге ие екені даусыз.

Саланың маңыздылығы – тұтыну деңгейі бойынша азық-түлік өнімдерінен кейінгі екінші орында болуымен және халық санының өсуіне және оның әл-ауқатының артуына байланысты тұрақты өсуімен сипатталады. Соңғы 15 жылда жеңіл өнеркәсіп тауарларын тұтыну Евроодақ елдерінде – 90,5 пайызға, АҚШ-та – 99,3 пайызға, Жапонияда – 220 пайызға дейін өскен.

Саланың үлесіне әлемдік өнеркәсіп өндірісінің 5,7 пайызы және өндірісте жұмыспен қамтылғандардың 14 пайызы тиесілі. Киімнің әлемдік экспортында Қытай, Гонконг, Германия, Италия Түркия, Мексика, АҚШ мемлекеттері алдыңғы орында тұр. Көріп отырғаныңыздай, мата мен киім өндірісі – көптеген елдердің, соның ішінде дамушы елдердің табысы мен жұмыспен қамтылуының маңызды көзі. Қытай, Түркия, Үндістан, Индонезия және тағы басқа дамушы елдерде жеңіл өнеркәсіп ұлттық экономиканы дамыту үшін басымдық ретінде жарияланған.

Осы елдердің көпшілігінде салық және кедендік реттеуге бағытталған өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларын қамтитын жеңіл өнеркәсіп салаларын қолдау бағдарламалары әзірленген.

Мәселен, Қытайда жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндірушілерге салық салудың жеңілдетілген режимі белгіленген. Түркияда экспорттаушылар мақсатты жеңілдікті кредиттер, экспорттық өнімнің құнына енгізілген салықтарды толық немесе ішінара қайтару, ғылыми әзірлемелерге жұмсалған шығындарды ішінара өтеу, жаңадан іске қосылатын өндірістерге арналған кредиттік демалыстар беріледі.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің соңғы ширек ғасыр көлеміндегі тіршілігін саралайтын болсақ, республикамыздың өнеркәсіп өндірісі көлеміндегі үлесі 1990 жылы 15,8 пайызды құраса, 2000-шы жылдары 2,3 пайызға дейін қысқарып, қазір өңдеу өнеркәсібінің құрылымында жеңіл өнеркәсіптің үлесі 0,9 пайызды ғана құрайды.

Жалпы, қазақстандық өндірушілер бұрынғысынша қорғаныстық тапсырыс пен арнайы киімдердің нарығын ғана сақтаған. Олар өндірушілерге кепілді сату мен төменгі талаптағы өнімнің ең аз тәуекелін қамтамасыз етеді.

Кешегі кеңес дәуірінде Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі жарты әлемді аузына қаратқаны белгілі. Сол уақытта Қазақ КСР жеңіл өнеркәсібінің тоқыма, тігін, аяқ киім, тері-ұлпан өнеркәсібі салаларында 1 мыңнан астам іргелі кәсіпорындар жұмыс істеп, сала табысы ел бюджетінің 25 пайызын қамтамасыз етіп тұрған болатын.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында «қарапайым заттар экономикасын» дамыту тапсырмасын берген болатын. Елбасының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметімен Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған Жол картасы әзірленгендігі баршамызға аян.

Жол картасында отандық жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің әлеуметтік тиімділігін арттыра отырып, олардың бәсекелестік қабілетін қолдау шаралары көзделген.

Дегенмен түрлі сарапшылардың бағалауы бойынша жеңіл өнеркәсіп тауарларына ішкі сұранысты отандық жеңіл өнеркәсіп 10 пайыздан аз қамтамасыз етеді. Нарықтың қалған 90 пайыздан астамын импорттық тауарлар алады екен.

Атап өтетін жайт, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің шегі 30 пайыздан кем болмауы тиіс. Демек Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп саласын қарқынды дамытуға мемлекет тарапынан нақты бетбұрыс жасалып, шынайы қолдау көрсетілуі керек.

Біріншіден, саланы дамытуға пәрменді шараның бірі ретінде өндірістің толық циклі бар отандық жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын салықтардан (қосылған құн салығынан, корпоративтік табыс салығынан) белгілі бір мерзімге босату, яғни салықтық демалыс беруге болады деп есептейміз. Бұл ретте салықтан босатылған кәсіпорындар салық салынатын табыстың негізгі бөлігін өндірісті дамытуға қайта қаржыландыруы қажет. Бұл саланың дамуына үлкен серпін берері, жұмыс орындарын ұлғайтуға, сондай-ақ сапалы өнім шығаруға септігін тигізері анық.

Екіншіден, импортталатын дайын өнімге кедендік баж салығын тауар құнынан 50 пайызға дейін арттыру қажет. Бұл жергілікті тауар өндірушілердің өнімдеріне сұранысты арттыруға, сондай-ақ жаңа өндірістерді ашуға, инвестицияның (шетелдік және отандық) үлесін ұлғайтуға мүмкіндік берері анық.

Аталған ұсыныстар жеңіл өнеркәсіп саласында ішкі нарықты отандық тауарлармен толтыруға ғана емес, сонымен қатар экспорттық әлеуетті жүзеге асыруға көмектесері сөзсіз.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, сізден осы ұсыныстарды қарап, отандық жеңіл өнеркәсіп саласын қарқынды дамыту шараларын қарастыруыңызды сұраймын.

Депутаттық сауалды қарау нәтижелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беру қажеттігін атап көрсетемін.

Сенат депутаттары Нөкетаева, Бектұрғанов, Бақтиярұлы, Ершов, Төреғалиев, Нұрғалиев, Мұсаханов».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Динар Жүсіпәліқызы.

Төреғалиев Нариман, микрофон сізде.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Біздің екі депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Маминге жолданады.

«Уважаемый Аскар Узақпаевич! В ходе рабочих выездов в регионы на встречах с населением поступают многочисленные жалобы, связанные с проблемами получения инвалидности либо его переосвидетельствования. Данная проблема широко освещается и в средствах массовой информации.

На сегодняшний день люди с ограниченными возможностями не находят полного понимания со стороны заинтересованных государственных органов в вопросах получения или подтверждения своей инвалидности. Они вынуждены обращаться со своими проблемами в различные инстанции.

Согласно данным мониторинга обращений граждан в судебные инстанции в период с 2017 по 2018 годы подано и рассмотрено в суде всего лишь 83 исковых заявления по вопросам медико-социальной экспертизы, в том числе 67 – в связи с несогласием снятия группы инвалидности. Низкий показатель обращения в судебные органы связан в первую очередь с общим состоянием здоровья данных лиц, а также с невозможностью оплатить расходы на адвоката.

Сейчас порядок установления инвалидности достаточно сложный. Людям с ограниченными возможностями самостоятельно собрать большое количество документов очень непросто. Особенно это касается жителей сельских населенных пунктов. Им необходимо обратиться в медицинскую организацию по месту жительства, то есть житель села должен приехать в районный центр для установления диагноза, составления программы реабилитации и графика наблюдения врачом в течение четырех месяцев. И только после этого его направляют для прохождения медико-социальной экспертизы в областное отделение, где необходимо собрать 18 видов различных документов. Для инвалида это очень затруднительно как в материальном плане (учитывая расходы на дорогу и проживание), так и физически.

Таким образом, в среднем срок получения инвалидности занимает от двух месяцев до одного года.

К примеру, инвалид из Актобе больше года не мог оформить инвалидность. После ампутации ноги в октябре 2017 года он получил инвалидность первой группы только в декабре 2018 года. К сожалению, через 1,5 месяца после этого он скончался.

И такие примеры встречаются во многих регионах.

Кроме того, при существующем механизме признания инвалидности возникают коррупционные риски. По словам инвалидов, вопросы переосвидетельствования вообще не поддаются здравому смыслу и вызывают в большинстве своем одно лишь негодование

действиями органов и специалистов, которые уполномочены заниматься этими проблемами.

Для некоторых категорий пациентов определены короткие сроки переосвидетельствования. Иногда доходит до абсурда: человеку, не имеющему почки либо ноги, необходимо проходить процедуру переосвидетельствования, хотя утвержденные правила позволяют присвоить инвалидность без срока переосвидетельствования при наличии необратимых анатомических дефектов.

Другой пример по онкологическим заболеваниям. У нас первая группа инвалидности устанавливается на два года, вторая и третья группы инвалидности – на один год, тогда как в Германии после удаления злокачественной опухоли реабилитационный период составляет пять лет. В Российской Федерации группа инвалидности для детей устанавливается при первичном до 14 лет и повторном переосвидетельствовании до совершеннолетия.

У нас же таким лицам инвалидность может присваиваться по усмотрению комиссии на шесть месяцев, на один год, на два года, на пять лет, до достижения 16 лет.

